



Әдебиеттік оқу

4 «К» сынып

Сабақтың тақырыбы:

Бедел Тұрсынбаев

Алғашқы көмек

Түзете-дамыта оқыту мұғалімі:

Мақаш Айгүл

Ескендірқызы

Сабақтың мақсаты:

Мәтінді мәнерлеп дұрыс түсініп оқи отырып, мазмұнын меңгерту, негізгі ойды ашу.

Бағыт-бағдар бере отырып, өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру, ой-өрістерін дамыту, қорытынды жасай білуге үйрету.

Белсенділігін арттыра отырып, ұйымшыл болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.



Сабақтың түрі: Жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, сөздік жұмыс, көрнекілік, топпен жұмыс.

Көрнекілігі: слайд (қыс көрінісі, қансонар), сөзжұмбақ



Сабақтың барысы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Үй тасырмасын сұрау.
- III. Жаңа сабақ.
- IV. Дәптермен жұмыс. (Бағалау)
- V. Сергіту сәті.
- VI. Тақтамен жұмыс. (Бағалау)
- VII. Топтық жұмыс.
- VIII. Үйге тапсырма.
- IX. Бағалау.
(Кері байланыс.)





Ұйымдастыру кезеңі

Екі топқа бөліп аламын.

I топ - «Алғырлар»

- Мирас балмұздақ жеуден неге бас тартты?

II топ - «Білгірлер»

- Егер сен біреудің ақшасын тауып алсаң, не істер едің?



Үй тапсырмасын тексеру.

Ермек Өтетілеуұлының
«Балмұздақ» әңгімесін оқып,
«Балмұздақ» туралы жұмбақ
құрастырып келу болатын.



Жаңа сабақ

Сөзжұмбақ шешу.

Берілген ақын-

жазушылардың атын

төмендегі тор көздерге жазып

шықсаңдар, бүгінгі өтілетін

тақырыбымыз шығады. Қане,

тауып көрейік!

Құнанбаев

Жабаев

Жұмабаев

Әуезов

Уәлиханов

Аманжолов

Алтынсарин

Сейфуллин

Тұрманжанов

Байтұрсынов

Өтетілеуов

Құдайбердиев



- Бүгінгі сабағымызда Бедел Тұрсынбаевтың «Алғашқы көмек» әңгімесімен танысамыз. Әңгіменің авторы балалар жазушысы Бедел Тұрсынбаев 1929-1933 жылдардағы ашаршылық жылдары кезіндегі оқиғаны әңгімелейді. Осы жылдардағы қазақ халқының күн-көрісі туралы Самырат Кәкішевтің «Ахаң туралы ақиқат» атты кітабынан үзінді оқып берейін: Киімдеріміз де әбден тозды, әсіресе көйлектеріміз жыртылып, түріміз қап-қара болған, биттер үстімізде өріп жүр. Бұған қарсы істер шарамыз да, амалымыз да жоқ. Іздегеніміз асқазанға талшық болар бірдеңе... Аштыққа ұшырағандардың біразы Жыланшық өзенінің жағасында өскен ну қамыс пен қоғаның тамырларын жұлып, тамақ қыламыз деп, сол өзенге жете алмай, суға кетіп, өзеннің қырынан шыға алмай, тырнақтарымен жер тырнап, бұралып жатқан сұмдық көріністерді өз көзімізбен көрдік. Бұрын өзеннің ішінде көлбақа, жылан жүзіп жүретін, сол ашаршылық жылдары суда көлбақа да, жылан да қалған жоқ ... 1931-1933 жылдары Қазақстан бойынша ашаршылықтан өлген кісілердің саны, шамамен, 1 миллион 700 мың, оның ішінде 1 миллион 500 мыңдайы қазақтар. Осы жылдардағы халықтың ауыр тіршілігін білу үшін, «Алғашқы көмек» әңгімесін тыңдайық.



Дәптермен жұмыс

Берілген сөздіктерді жазып алу.

нәубет – апат, кесапат, ауыртпалық

зұлмат – алапат, ауыр, қиын, зобалаң

*білте – майшамның тұтатқанда жарық
беретін ширатылған талшығы*

құман - шәугім

сықылды – сияқты, тәрізді



Сергіту сәті:

Кел, балалар, тұрайық,
Алақанды соғайық.

Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып алайық.

Бас аяқпен топ-топ,
Шапалақпен хоп-хоп,

Бір оңға, бір солға,
Өзімді-өзім айнала.



Оқулықпен жұмыс



- Әңгімеде автор қай кезеңдегі оқиғаны баяндайды?
- «Қансонар» дегенді қалай түсінесің?
- Әңгіме неліктен «Алғашқы көмек» деп аталған?
- Еңбектің ең алғашқы қасиетін бала қалай сезінді?
- Сен олардың орнында болсаң не істер едің?

Бекіту

*Оқиға желісіне қарай әңгімені
бөлімдерге бөліп, ат қою.*





Үйге тапсырма:

Әңгімені түсініп оқып,
мазмұнын әңгімелеу.
Мәтіндегі көріністер
бойынша суреттер салып
келу.



Рефлексия

«Чемодан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі

Тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды чемоданның тұсына жазса, ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқыштың тұсына жаза алады. Сонымен қатар бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігінің тұсына жазса болады. Осылайша қатысушы мұғалімдер тақырыптан не білім алғандарын көрсетеді.



Бүгінгі сабақта алған білімімді не істеймін?



Әлі де ойлану қажет,
түсінбеген жерлерім
бар.

Алған ақпарат
маған қажет
емес.





Назарларыңызға рақмет!!!

